

Д.Ж. Жайлыбай*¹, Қ.Ж. Елеусізова²

¹Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан, Алматы қ.

²Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ.

*e-mail: daulet_87@bk.ru

ОТБАСЫ МОДЕЛІНІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КРОССМӘДЕНИ НЕКЕ: ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ МЫСАЛЫНДА

Қазіргі этникалық және этномәдени қатынастардың бірден бір формасы ретінде этносаралық неке қатынасын атауға болады. Орталық Азия елдеріндегі қазіргі полиэтникалық жағдайды ескеретін болсақ, бұл аймақтардағы кроссмәдени некелік қатынастардың орны ерекше екені анықталады. Мақаланың мақсаты Орталық Азия елдеріндегі кроссмәдени некенің отбасы моделінің трансформациясына ықпал етуін және көптеген дәстүрлі түсініктерді өзгерістерге алып келуін анықтау. Мұны аталмыш елдердің статистикалық деректері мен арнайы зерттеу еңбектерін пайдалана отырып зерттеп, қазіргі қоғамдағы кроссмәдени неке жағдайының орны мен таралуы, оның үлес салмағы мен көрсеткіштері арқылы анықталып отыр. Бұл көрсеткіштер ХХ ғасырдың екінші жартысы мен қазіргі мәліметтер арқылы салыстырылды. Мақалада кроссмәдени неке көрсеткіштерін анықтау үшін кроссмәдени, контент салыстырулар, тарихи демографиялық және этносологиялық әдістер қолданылды. Сонымен қатар, Орталық Азия елдеріндегі кроссмәдени некеге тұрушы жастардың үйлену мотивтері, отбасылық проблемалары және нуклеарлы отбасылардың азаюымен көрініс беріп отырған күрделі өзгерістерге талдау жасалды. Осындай өзгерістер нәтижесінде орын алып отырған отбасылық қатынастардағы әйел мен ер адамның орны, баланың өзінің этникалық сәйкестігін анықтаудағы ерекшеліктері көрсетілді. Беріліп отырған тақырып аясында арнайы сауалнама алынып, Қазақстандағы кроссмәдени некелік қатынастардың жағдайы қарастырылды.

Түйін сөздер: неке, кроссмәдени неке, үйлену, ажырасу, Орталық Азия, полэтникалық халық, этномәдениет.

D.ZH. Zhailybay^{1*}, K.ZH. Yeleussizova²

¹International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmet Yassawi,
Eurasian research institute, Kazakhstan, Almaty

²Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Kazakhstan, Aktobe

*e-mail: daulet_87@bk.ru

Cross-cultural marriage in the situation of family model transformation: the example OF Central Asian countries

As an immediate form of modern ethnic and ethnocultural relations, we can refer to interethnic marriage. Taking into account the current polyethnic situation in the countries of Central Asia, it is clear that cross-cultural relations in these regions have a special place. The purpose of the article is to determine whether cross-cultural marriage in the countries of Central Asia contributes to the transformation of the family model and changes in many traditional ideas. Using statistical data and special research papers from these countries, the location and prevalence of cross-cultural marriage in modern society, its proportion and indicators are determined. In the article, to determine the indicators of cross-cultural marriage, cross-cultural, content analysis, historical-demographic and ethno-sociological methods were used. These indicators are compared to the second half of the 20th century and present data, as well as analysis of the complex changes reflected by the reasons for marriage, family problems and the decline of nuclei of young cross-cultural marriages in Central Asia, as well as the peculiarities of determining the ethnic identity of a child and the place of a woman and a man in family relations. Within the framework of the meeting, a special survey was conducted, the state of marriage in Kazakhstan was considered.

Key words: marriage, cross-cultural marriage, marriage, divorce, Central Asia, political population, ethnoculture.

Д.Ж. Жайлыбай^{1*}, К.Ж. Елеусизова²

¹Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Яссауи,
Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан, г. Алматы

²Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Казахстан, г. Актобе
*e-mail: daulet_87@bk.ru

Кросс-культурный брак в условиях трансформации модели семьи: на примере стран Центральной Азии

Как одна из форм современных этнических и этнокультурных отношений можно назвать межэтнические брачные отношения. Учитывая нынешнюю полиэтническую ситуацию в странах Центральной Азии, выясняется, что межкультурные супружеские отношения в этих регионах занимают особое место. Цель статьи определить, способствует ли кросс-культурный брак в странах Центральной Азии трансформации модели семьи и изменению многих традиционных представлений. Это изучается с использованием статистических данных и специальных исследовательских работ этих стран, выявляется место и распределение кросс-культурной брачной ситуации в современном обществе, ее удельный вес и показатели. Эти показатели сравнивались по данным второй половины XX века и современности. В статье для определения показателей кросс-культурного брака использовались кросскультурный, контент-анализ, историко-демографический и этносоциологический методы. Кроме того, проведем анализ сложных изменений в странах Центральной Азии, проявляющихся кросс-культурными брачными мотивами, семейными проблемами и сокращением нуклеарных семей. В результате таких изменений было показано место женщины и мужчины в семейных отношениях, особенности ребенка в определении его этнической идентичности. В рамках данной темы был проведен специальный опрос и рассмотрено состояние кросс-культурных супружеских отношений в Казахстане.

Ключевые слова: брак, кросс-культурный брак, свадьба, развод, Центральная Азия, полиэтническое население, этнокультура.

Кіріспе

Дүниежүзіндегі соңғы жүз жылдағы этносаралық қатынастар көптүрлі факторларға байланысты болды, оны саяси, әлеуметтік, мәдени және т.б. жан-жақты тұрғыда талдауға болады. Осы этникалық қатынастардың бір формасы ретінде кроссмәдени яғни этносаралық некені қарастырса болады. Кроссмәдени некенің қалыптасуына бірнеше себептер келтіріледі. Біріншіден, этностардың бір ортада ұзақ уақыт мекендеуі немесе индивидтердің бір мекемеде жұмыс істеуі, білім алуы, көрші тұруы және т.б. Екіншіден, индивидтердің әлеуметтік, психологиялық жақындығы тұрғысынан гомогамиялық сипатта орын алады. Сонымен қатар, миграциялық және мәдени үрдістер де кроссмәдени некенің кең таралуына әсер етіп жатады.

Жалпы, неке және отбасы мәселесін зерттеуді теориялық тұрғыдан қарайтын болсақ, Л. Морганның еңбегінде алғашқы қауымдық құрылыс сипатындағы тайпалар арасында да өзара некелесу арқылы, некенің көне формаларының мәдени алмасулары болатыны жазылады (Морган, 1934: 250-256). Ал, XIX ғасырдың екінші жартысындағы әлеуметтанулық

пікірлер отбасы және кроссмәдени некені жан жақты талдауға тырысты. Мысалы, Э. Дюркгейм отбасын екі түрлі одақ ретінде түсіндірді, мысалы, бірінші одақ – әйел мен еркектің бір қоғамда өмір сүріп өзара одақтасуы болса, екінші одақ – бір отбасы мен келесі отбасының ұрпақтар арасындағы байланысын көрсетті. Осылайша, отбасы бұл тек некелік одақ емес, сонымен қатар, индивид мүше болатын әлеуметтік топ ретінде қарастырылады (Бурова, 2010: 99). Осы сияқты функционалистік, конструктивістік теория тұрғысынан кроссмәдени некенің қоғамдағы орны мен қызметі жан жақты талданды.

Кроссмәдени некенің орын алу факторларына сәйкес Қазақстан мен Орталық Азия елдерінде бір ғасырдан астам уақыттан бері полиэтникалық халық қалыптасты. Мемлекеттегі полиэтникалық халықтың өзара байланыстары мен қарым-қатынасының бір формасы ретінде некелік байланысты атауға болады. Алайда, XX ғасырдың алғашқы ширегінде Орталық Азия елдерінде кроссмәдени неке оғаш көрінетін болса, қазіргі кезде үйреншікті жағдайға айналған. Жалпы, осы аймақта кроссмәдени неке шығыс еуропалық халықтар арасында жиі кездесіп отырса, кейінгі уақытта автохтонды халықтар арасында да жиі кездесе бастады.

Материалдар мен әдістер

Орталық Азия елдеріндегі кроссмәдени некеге байланысты зерттеулерді жүргізуде бірнеше деректер тобы арқылы қарастырылады, оны шартты түрде мұрағат материалдары, далалық зерттеулер немесе статистикалық мәліметтер ретінде бөліп қарауға болады. Соның ішінде бізге қол жетімдісі статистикалық мәліметтер екені анық. Орталық Азия елдері бойынша ХХ ғасырдың екінші жартысында КСРО құрамындағы санақ материалдары «КСРО халықтары» сияқты статистикалық материалдарда қорытындыланып отырды. Нақты, Қазақстан жағдайындағы неке мәселесінде әр он жылда жүргізілген халық санағы материалдарын негізгі дерек көзі ретінде қарастыруға болады. Мысалы, 1999 жылы жүргізілген халық санағы материалдарында «Неке және отбасы» том ретінде арнайы басылды. Сол сияқты, 2009 жылғы жүргізілген халық санағы материалдарында «Үй шаруашылығы» томында еліміздегі некеге тұрғандар мен оның жас ерекшелігін, құрылымын нақты статистикалық мәліметтермен толықтырған (Домохозяйства РК, 2009: 267-390). Дәл осындай статистикалық материалдар жыл сайынғы жинақ қорытындылары ретінде де жарық көріп тұрады. Өзбекстан Республикасында да осындай жинақтар шықты (Государственный комитет РУ по статистике, 2021). Сонымен қатар, Қазақстанның әрбір аймағынан шағын сауалнама жүргізілді. Бұл зерттеліп отырған тақырыптың объективтілігін арттыратын материал ретінде пайдаланылды.

Зерттеу нысаны бойынша бірнеше әдістер пайдаланылды, соның ішінде статистикалық деректер мен арнайы әдебиеттерді салыстыру, сараптама жасау әдістері қолданылды. Сонымен қатар, алынған сауалнамаларға контент сараптама жасалып, оның нәтижелері мақалады берілді. Тұтас алғанда, қазіргі кроссмәдени некелік қатынастарға этноәлеуметтанулық тұрғыда талдаулар жасалды.

Нәтиже мен талдаулар

Біздің зерттеу нысанымыз бойынша статистикалық мәліметтерден тыс далалық этносоциологиялық зерттеулердің қорытындылары, респонденттердің сауалнамаларға берген жауаптары, информаторлардан алынған сұхбаттар мен зерттеушілердің пікірлері халық арасындағы

неке, кроссмәдени некенің қазіргі отбасылық құндылықтарға ықпалын айшықтайды. Елімізде, мұндай этносоциологиялық зерттеулер 1970-1990 жж. аралығында қарқынды жүргізілді, нәтижесінде Қазақстандағы неке және отбасы мәселесін социологиялық тұрғыдан зерттеудің әдістемелік негіздері, отбасын зерттеуші арнайы мамандар қалыптасты. Осы жылдары Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Этнология және антропология бөлімінің зерттеушілері Қазақстанның барлық территориясында кешенді этносоциологиялық зерттеулер жүргізді. Осы зерттеу жұмыстарының негізінде Қазақстанның қоғамдық ғылымындағы этносоциологиялық мектеп қалыптасты. Оның көрнекті өкілі ретінде А.Б. Қалышты атауға болады. Оның неке және отбасы мәселесіне қатысты жүргізген зерттеу жұмыстары Х. Арғынбаевтың зерттеулерін жалғастырып, оны социологиялық деректермен толықтырды (Арғынбаев, 1973: 328). Ол еліміздің бірнеше облыстарында арнайы этносоциологиялық зерттеулер жүргізді (Қалыш, 1982: 81-84). Атап айтар болсақ, зерттеуші Қазақстанның батыс, солтүстік, оңтүстік аймақтарында 40 жылдан астам ізденістер жүргізген. Осы сияқты іргелі зерттеу жұмысы Өзбекстанда У.С. Абдуллаевтың тарапынан (Абдуллаев, 1989: 85-90) және Л.С. Толстованың Қарақалпақстан халқы арасындағы аралас некені зерттеуімен толықты (Толстова, 1985: 64-72). Тұтас алғанда Орталық Азия және КСРО халықтарындағы отбасы мәселесін Н.А. Кисляковтың «Очерки по истории семьи и брака у народов Средней Азии и Казахстана» атты еңбегінде (Кисляков, 1969: 240), сонымен қатар, Н.П. Борзых «Межнациональные браки в СССР в середине 1930-х годов» сияқты ізденістері неке және отбасы мәселесін зерделеді (Борзых, 1984: 101-112). Кроссмәдени некеге байланысты арнайы зерттеу жұмыстары 2010 жылдарға дейін жалғасты. Мысалы, Қ.Б. Баудиярова «Оңтүстік Қазақстандағы бірұлтты және ұлтаралас некелердің тұрақтылығы мен сақтау мәселелері» атты кандидаттық диссертациясы қорғалды (Баудиярова, 2009: 26). Ал Орталық Азия елдері халықтарының отбасылық дәстүрлері бойынша Қазақстанда 2010 жылы К.М. Төлеубаева К.М. «Қазақтар және Орталық Азия халықтарының отбасы, отбасылық әдет-ғұрып, салт-саналары (салыстырмалы-этнографиялық зерттеу)» атты докторлық диссертациясы қорғалды (Төлеубаева, 2010: 24).

Орталық Азиядағы этностар арасындағы бұл байланыстар ХІХ ғасырдың екінші жартысында

қарқынды дамыды. Жекелеп қарайтын болсақ, орыс, казак, украин, неміс сияқты этномәдени шекарасы өзге этностардың келуімен тікелей қатысты болды. Мұндай миграциялық саясат Кеңес дәуірінде де жалғасын тапты. Себебі, 1930-1933 жылдары орын алған ашаршылық, елдегі еңбек күшінің жеткіліксіздігіне алып келді. Сонымен қатар, 1937-1944 жж. депортациялық үрдістер де Қазақстандағы этникалық ала құлаллыққа алып келді. Дәл осындай жағдай тек Қазақстанда ғана емес, сол сияқты Өзбекстанда, Қырғызстанда да орын алды. Мысалы, 1917 жылға дейін қырғыздар арасында өзге этностан үйлену өте сирек кездескен (Тегизбекова, 2015: 17-18). Соғыс жылдарынан кейінгі миграциялық үрдістердің күрделі өзгерістері этникалық тұтастықты тіпті шиеліністірді.

Жалпы, 1936 жылғы КСРО елдері арасында Қазақстан кроссмәдени некеге бойынша 7 орында болған. Көрсетілген жылы некеге тұрған 41 607 адамның 13% яғни 5462 аралас некеге тіркелген. Әрине бұл көрсеткіш сол кезеңдегі Қазақстандағы еуропалық этностар бойынша жасалған. Тікелей қазақ халқының аралас некеге тұруы әлде қайда төмен болған. Мысалы, ерлер арасында 4,5 % болса, әйелдер арасында 0,8 % ғана болған. Оның ішінде қазақ – татар, қазақ – орыс халықтары арасындағы некені атауға болады (Борзых, 1984: 101-112).

Кроссмәдени некенің жан жақты дамуына 1950 жылдарынан кейінгі тың игеруі жылдарындағы миграциялық үрдістер кең әсер етті. Мысалы, 1959 және 1979 жылғы санақ материалдары бойынша КСРО бойынша Қазақстан аралас неке бойынша үшінші орында болса 14,4 % – 21,5% , ауылдық жерлер бойынша аталмыш жылдары 11,9 % – 18,2 % бірінші орында болды (Население СССР, 1983: 228). Бұл үрдіс негізінен орыс, беларус, украин сияқты славяндық этностар арасында жиі кездесті, түркі халықтары арасында татарлардың арасында аралас некеге түскендердің үлес салмағы 53,2 % жетті. Осы жылдары қазақтардың үлес салмағы не бары 2,6 % дан аспады (Итоги переписи населения, 1992: 371).

Кенестік дәуірде белең алған кроссмәдени некеге тұру Қазақстан территориясында қалыпты жағдайға айнала бастады. Бұл тұрғыда жүргізілген арнайы зерттеулерде бар. Мысалы, А.Б. Қалыштың Қазақстан территориясында жүргізген этносоциологиялық ізденістерінде кроссмәдени некеге байланысты еліміздің әр өңірінде әр түрлі көзқарас қалыптасқан. Соның

ішінде қазірі Түркістан қаласын қарайтын болсақ, жалпы сұралған 748 респонденттің 50,3 % этносаралық некеге қарсы екенін білдірген. Ал 21,4 % сұралғандар өз этнос өкілімен некеге тұрғанды жөн көреді. Бұл көрсеткіштердің ішінде 4,1% респонденттер некедегі этностың өзгешелігі маңызды емес, ерлі зайыптылар өзара ортақ мәдениетті сыйласа болды деп жауап берген. Сол сияқты, 1,6 % адам бір дінде болса некелесуге болады деп жауап берсе, 17,1 % респондент некеде ең бастысы ерлі зайыптылар бір біріне сүйіспеншілігі болғаны дұрыс деген. Ал қалғаны 5,5 % адам жауап беруге қиналған (Қалыш, 2013: 321).

Ал З. Шаукенованың зерттеулерінде Қазақстанның оңтүстігі мен солтүстік аймақтарын салыстырған. Оның ізденістерінде келесідей көріністі байқауға болады. Мысалы, оңтүстік қазақтарының 27 % аралас некеге қарсы болса, 3,5% қолдаған. Ал солтүстік қазақтарында бұл көрсеткіш 29 % қарсы болса, 7,7 % қолдайтынын жеткізген. Респонденттердің қалған көзқарастары басқа әр түрлі жауаптармен толықтырылған (Шаукенова, 2002: 128). Солтүстік қазақтарының аралас некедегі үлесі мен көзқарасы оңтүстікпен салыстырылғанымен орыстардың мәдени және тілдік ассимиляциясы айқын көрінеді (Шаукенова, 2002: 128).

Ал Н. Поповтың пікірі бойынша 1990 жылдары Қазақстанда 10 % адам аралас некеге қарсы болса, 25 % адам қолдау білдіретінін атап өтеді. Сонымен қатар, 64 % адам «үлт» некеге тұруға кедергі болмау керек деген пікір білдірген (Попов, 1998: 149-152).

Жалпы, осы жылдардан ақ байқауға болатыны елімізде, кроссмәдени неке отырғандардың әр аймақ бойынша өзіндік ерекшелігі мен салыстырмалы көрсеткіштері қалыптасқан. Бұл Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдары ақ байқалды. Мысалы, 1999 жылы жүргізілген халық санағы материалдарында республика бойынша 18,8 % халық аралас некеге отырған. Оның аймақтық үлесі бойынша жоғары деңгейде еліміздің солтүстік өңірлеріне тиесілі болды. Санақ материалдарынан қарайтын болсақ, Ақмола облысында 31,8 %; Қостанай облысында – 35,3 %; Қарағанды облысында – 27, 6 %; Павлодар – 28,4 %; Солтүстік Қазақстан облысы – 27,2 % ; Астана қаласында – 29,3 % көрсетті. Ал ең төменгі көрсеткіш Қызылорда облысы – 3,5%; Атырау облысы – 4,9 %; Оңтүстік Қазақстан (Түркістан облысы) – 8,3 %; Маңғыстау облысы – 9,2 % ғана қамтыған (Домохозяйство РК, 2001: 28, 190-235).

Санақ материалдарынан көріп отырғанымыздай Орталық Азия елдеріндегі 1960-1970 жж. үдей түскен кроссмәдени некенің жас мөлшері тарихи тұрғыда үшінші, төртінші ұрпаққа ауысып бара жатыр. Бұл дегеніміз дәстүрлі отбасылық модельдің трансформациясына айтарлық әсер ету қабілетіне ие болып отырғанын байқауға болады. Бұл үрдісті төмендегі себептерден анықтай аламыз. Мысалы, біріншіден, этносаралық неке жағдайында бала туу көрсеткіші төмендейді, оны 1999-2009 жж. аралығындағы санақ материалдарында анық көрінеді. Екіншіден, некелесу жасының ұзаруы және жұбайлардың репродуктивті жасының өтіп кетіп некелесуімен түсіндіреміз. Үшіншіден, ажырасу қаупінің жоғары екенін байқаймыз. Оның басты анықтамасы ретінде үйленуші жастарға үлкендер, туыстар тарапынан қарсылық білдірілуі, туыстық қатынастардың үзілуі, ортақ түсінбеушіліктің қалыптасуына себеп болып жатады. Жалпы, этносаралық некеге тұрғандардың арасында қайта некелесу көрсеткіштері де байқалады. Себебі, алғашқы некесі сәтсіз болғандар, некедегі өз этнос өкілінен түсінбеушілік көргендер, басқа этнос өкілімен некелесуді жөн көреді. Ал, қайта некелесу бір отбасында аралас отбасылардың пайда болуына негіз болып отыр. Мысалы, бірінші сәтсіз некеден болған балаларын жаңа қосылған отбасында кейінгі балаларымен бірге тәрбиелеу жағдайлары кездеседі. Бұл көп жағдайда қиын отбасылардың немесе неке сәтсіз болған жағдайда толық емес отбасылардың санының артуына негіз болып отыр. Сонымен қатар, этносаралық некенің дамуы жаппай нуклеарлы отбасылардың көбеюіне алып келуде. Сол сияқты, кроссмәдени некеде туылған балалар өз ұлтын анықтауда қиындықтар туындап жатады, оған тұрғылықты жері, балалардың таңдауы, әсер етеді. Қазақстан жағдайында мұндай неке ұрпақтары некелескен этносқа да байланысты. Мысалы, әкесі қазақ – анасы орыс – 96 %; қазақ – татар – 97 %; қазақ – украин – 90 %; қазақ – неміс – 100 % ұлтын қазақ деп көрсеткен (Қалыш, 2015: 101-103). Алайда біздің ортада құжат алу кезінде өз этносын көрсетпейтіндер де бар.

Тұтас алғанда Орталық Азия елдерінің отбасы моделінің трансформациялануында кроссмәдени некенің орны ерекше, оның басты көрінісі отбасындағы дәстүрлі мәдениеттің өзгеруінен байқалады. Мысалы, дәстүрлі қалыптасқан үлкен отбасыларды, орнына шағын

отбасылардың қалыптасуы, отбасындағы туу көрсеткішінің азаюы дәл осы кроссмәдени некеге тікелей байланысты болып келеді.

Кроссмәдени некенің тағы бір қыры ретінде Өзбекстандағы жағдайды қарайтын болсақ, мұнда өзінің ерекшелігі бар, себебі өзбек этносының некеге түру мәселесінде этникалық топ немесе бөлелер арасындағы «ортокузенді» некелік қатынас дамыған. Дәстүрлі өзбек отбасы ұстанымдары аралас некеге түбегейлі қарсы деуге болады. Алайда қазіргі кезде өзбектер арасында аралас некеге тұрғандарды дәріптеу, әлеуметтік желілерде олардың бақытты өмірі, некелесу жағдайы, ортақ ұқсастықтары жөнінде материалдар да жеткілікті (Uznews.uz, 2022). Мұның негізгі себебі, туыстар арасындағы некеге тұрушылар балаларының тұқым қуалаушы ауруларға шалдығуы жиілеген. Оны өз кезегінде 1998 жылы Өзбекстан Республикасы үкіметі тарапынан арнайы заңмен ортокузенді некеге шектеу қойылған (Iwpr.net, 2009). Көпшілігінде, Өзбекстандағы аралас некені таңдаушылар арасында жоғары білімді адамдарды адамдарды байқалады. Бұл В.В. Мархининнің «Көп жағдайда этносаралық некеге тұрудың басты факторы жоғары білімділер» деген уәжіне сәйкес келеді (Мархинин, 1997: 21-22). Жалпы, Өзбекстандағы кроссмәдени неке формасы жекелеген мәдени құндылықтарға яғни шығыс славяндық, орыс, украин сияқты этностармен некелесу жөн саналмайды (Asiarussia.ru, 2015).

Ал, Қырғызстандағы шекаралас аймақтарда кроссмәдени некені саяси құрал ретінде пайдалану байқалады. Мысалы, 2011-2013 жж. Ош қаласындағы тіркелген этносаралық некеге тұрушыларға 100 мың қырғыз сомы көлемінде жәрдем ақы тағайындалған (Ia-centr.ru, 2013). Бұл аталмыш аймақтағы этносаралық қақтығыстарды реттеуге арналған қадам ретінде түсіндіріледі. Көпшілігінде қырғыздардың кроссмәдени некеге түру көрсеткіштері өз елі ішінде емес, миграциялық сипатта, шетелдік азаматтармен некелесу фактілерімен сипатталады.

Ал Қазақстанда қазіргі кезде, әр бір алтыншы неке этносаралық неке ретінде тіркеледі. Сарапшылар мұндай көрсеткішті этникалық бірегейлікке әсер етпейді деген пікір білдіреді (Elorda.info, 2022). Статистикалық деректерде 2020 жылы Қазақстан бойынша 128,8 мың адам неке қиылған болса, соның 14,2 % этносаралық неке ретінде тіркелген (Stat.gov.kz, 2020).

Көріп отырғанымыздай соңғы он жылдықта, аталмыш елдерде кроссмәдени неке тақырыбы

зерттеу аясынан тыс қалып келеді. Оның бірнеше себебін атап өтуге болады. Мысалы, біріншіден, кроссмәдени некенің әр елдегі үлесі, статистикалық көрсеткіштері, некеге тұрудағы жас ерекшелік қағидалары 1990 жылдардағыдай аса өзекті емес. Сонымен қатар, 2020 жылғы жалпы халықтық санақ COVID-19 пандемиясына байланысты кешіктірілуі республикалар бойынша статистикалық деректік базасының әлі жарияланбауы болып табылады. Соның негізінде халықтың неке жағдайына байланысты деректерде мардымсыз болып табылады. Дегенмен қоғамдағы этносаралық некенің үлес салмағы әр түрлі цифрлар төңірегінде құбылғанымен, бұл өз деңгейінде дәстүрлі отбасылық құндылықтарға айтарлықтай әсер етіп отырғанын атап өтуге болады.

Бұл тұрғыда қазіргі Қазақстан жағдайындағы біздің алдың ала зерттеулерімізде, кроссмәдени некеге байланысты да бірқатар көзқарастар қалыптасқан, мысалы, еліміздің әр тарапынан алынған қысқаша сауалнама алынды. Сауалнамаға жалпы, 87 респондент қатысты. Олардың жас ерекшелігі: 18-24 – 7,8 %; 25-30 – 20,8 %; 31-40 – 31,3 %; 41-50 – 10,45 %; 51- одан жоғары – 5,2% болып бөлінді. Сұралғандардың 68 % ерлер болса, қалған 32 % әйелдерді құрады. Респонденттердің 67,8 % ауылда тұрса, 32,2 % қалалық жерлерде тұрады. Оның ішінде үйленгені – 62 %, ал қалған – 38 % әлі неке құрмағандар.

Респонденттерге «Ұлтаралық некеге қалай қарайсыз?» деген сұрақ қойылды. Сұралған 87 адамның 68,9 % некенің мұндай формасына қарсы екенін белгілеген. Ал қалған 31 % респондент аралас некеге қарсы емес екенін көрсеткен. Осы қарсы болған респонденттер «ұлтаралық некеге не үшін қарсысыз?» деген сұраққа әр түрлі жауап берді. Соның ішінде оның 50 % «өзге этнос өкілімен өмір сүру қиын болады» деп жауап берген. Сол сияқты респонденттердің 40 % өзге этноспен некелесу «тілді, мәдениетті білмегеннен кейін қиын» екенін көрсетті. Қалған 10 % респондент жауап беруге қиналатынын белгіледі. Әртүрлі аймақтардан алынған жауаптардың ішінде этносаралық некеге қарсы емес 31% респондент қарсы емеспін деп жауап берсе, оның «қандай негізде өзге этноспен некелесуге болады?» деген сұраққа әртүрлі жауаптар берілген. Осы көрсеткіштерде 66,6% респондент діні мұсылман болса болды некелесуге болады деп жауап берсе, 22,2 % адамға қандай ұлт болса да бәрі бір екенін атап өткен. Сол сияқты қалған 11 %

респондент түркі тілдес халықтармен некелесуді жөн көрген. Кроссмәдени некеге қарсы болған респонденттердің жас ерекшелігі 18-24 жас аралығындағы респонденттердің 66,6 % қарсы екенін білдіріп, оның басты себебі, «өзге ұлтпен өмір сүру қиын болады» деп жауап берген. Ал қарсы болмағандар, «қай ұлтпен некелесе де бәрі бір» деп жауап берді. Респонденттер арасында қарсылық білдіргендердің көпшілігі 40 жастан жоғары және отбасылар болып табылады. Ал, қарсы еместердің негізгі бөлігі әлі де болса некеге тұрмағандар құрап отыр. Ал, 50 жастан жоғарылар кроссмәдени некеге ата-ана ретінде қарсы екенін білдіреді (АӨЖМ, 2023). Дәл осындай 2020 жылғы Петропавл қаласында жүргізілген сауалнама қорытындылары 47% қазақтардың, ал 60% орыстар кроссмәдени некені қолдайтынын белгілеген. Ал жастар арасындағы бұл көрсеткіш тіпті үлкен, студенттер арасында жүргізілген сауалнамада 72,5 % қазақ, 83 % орыс студенттер аралас некеге дайын екенін көрсеткен (Казиев, 2020: 136-152).

Тұтас алғанда этнос үшін неке және отбасы мәселесі этникалық бірегейлікті сақтаушы құрал, этномәдени шекарасының шеңбері және этникалық маркер ретінде қарастырылады. Этностың этномәдени өзгерістерінде отбасы моделінің трансформациясы басты қызмет атқарады. Оған кроссмәдени неке, миграциялық үрдістер және көптеген факторлар әсер етпей қоймайды. Бұл әсер етуші факторларға отбасылық дәстүрлер, этикет, ғұрыптар жан-жақты жауап береді. Мұны Орталық Азия елдеріндегі, соның ішінде қазақ отбасы институтының негізгі құндылығының бірі туыстық қатынастың қатаң сақталуы соның ішінде туыстар арасында жүзеге асатын үйлену тойлары, әр түрлі дәстүрлі мерекелер, өлім жітім жағдайындағы ғұрыптар қоғамды интеграциялауға мол мүмкіндік беретін тетік ретінде қаралады. Отбасы институтындағы мұндай құрылымның қажеттілігі мен маңыздылығын COVID 19 жағдайында терең түсіндірілді. Оны доктор Суат Бейлурдың «Ковид-19 пандемиясының қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастарға әсері (Түркістан мысалы)» атты мақаласында жан-жақты қарастырылған. Мұнда зерттеуші пандемияға дейінгі және пандемия жағдайындағы әлеуметтік және отбасылық, туыстық қатынастарды әлеуметтанулық әдістер арқылы зерттей келе, қазақ отбасы институтының тарихи және заманауи үрдістердің үндеуіне жауап бере алатынын айшықтайды (Beylur, 2022: 193-223).

Қорытынды

Қорытындылай келе, қазіргі кезде Орталық Азияның және Қазақстандағы кроссмәдени некенің үйреншікті құбылысқа айналуы тұтас, отбасылық модельдің трансформациялануына алып келіп отыр. Бұл дәстүрлі үлкен отбасылардың азайып, нуклеарлы отбасылардың көбеюіне себеп етіп отыр. Бұл өз кезегінде туыстық қатынастардың әлсіреуіне де негіз болады. Сонымен қатар, неке жасының ұзаруына, ажырасу факторларына да әсер етті. Бала туу көрсеткіштерінің төмендеуіне, чайлдфри құбылысының орын алуына, әр отбасы өзі үшін өмір сүру салтын насихаттауды әйгілейді. Ал аралас некедегі отбасылар қазіргі заманауи үрдістерге барынша мән береді. Олар барынша ортақ мерекелерді атап өтуге, өзара ортақ құндылық табуға тырысады. Жалпы, Орталық Азия елдері арасында кроссмәдени

некеге түру барынша кең етек алып келе жатқанын байқауға болады. Мысалы, өзбектер – түрікменмен, немесе қырғыздар – өзбекпен, қазақтар – өзбекпен некелесуі ортақ мәдени жақындығы, түркі тілдес ел ретінде, діни бірлігі тұрғысынан да әсіре сыналмайды. Ал, аталмыш елдерде автохтонды халықтардың шығыс славяндық этностарға немесе шетелдіктермен некелесуі этностың өмір сүру қабілетінің барлық критериілері бойынша қарсылыққа ұшырып жатады. Жалпы, кроссмәдени некеге тұрғандар бірнеше проблема жолығады. Біріншісі, туылған баланың этникалық, немесе этномәдени өзін өзі тануында мәселелер кездеседі; екіншіден, отбасылық дәстүрлер, салттар мен ғұрыптардың орындалуында, бала тәрбиесінде түсінбеушіліктер орын алады. Үшіншіден, діни түсініктер мен әдеттерге байланыстар кроссмәдени некеге өз кедергілерін келтіреді.

Әдебиеттер

- Абдуллаев У.С. (1989). Изучение однонациональных и национально-смешанных семей в сельской местности Андижанской области Узб.ССР // Новое в этнографии. – М. – Вып.1. – С. 85-90.
- Арғынбаев Х.А. (1973). Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). – Алматы: Ғылым. – 328 б.
- Asiarussia.ru (2015). Трудности брака с русскими в Средней Азии. Доступно по адресу: <https://asiarussia.ru/articles/6377/>. Дата обращения: 10.01.2023.
- АӨЖМ (2023). Автордың өзінің жинаған материалдары, Сауалнама. 2023.
- Баудиярова Қ.Б. (2009). Оңтүстік Қазақстандағы бірұлтты және ұлтаралас некелердің тұрақтылығы мен сақтау мәселелері: Тарих ғыл. канд. дисс. ...авторефераты. – Алматы. – 26 б.
- Beylur S. (2022). Covid-19 pandemisinin kazak toplumunda sosyal iliskilere etkisi (Türkistan örneği) // AVRASYA Uluslararası Araştırmalar Dergisi Cilt : 10 Sayı : 30 Sayfa: 193 – 223.
- Борзых Н.П. (1984). Межнациональные браки в СССР в середине 1930-х годов // СЭ. – №3. – С.101-112.
- Бурова С.Н. (2010). Социология брака и семьи: история, теоретические основы, персоналии/ С.Н. Бурова; Белорусский государственный университет. – Минск: Право и экономика. – 444 с.
- Домохозяйства Республики Казахстан. (2011). Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года. Статистический сборник /Под ред. А. Смаилова/ Астана. – 396 с.
- Домохозяйства Республики Казахстан (2001). Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. Статистический справочник. – Ч.3. – Алматы: Казстатинформ. – 292 с.
- Elorda.info (2022). Смешанные браки не представляют угрозу национальной идентичности – социолог. Доступно по адресу: <https://elorda.info/raznoe/16727-1649830609/>. Дата обращения: 15.01.2023.
- Итоги Всесоюзной переписи населения (1992). Итоги Всесоюзной переписи населения 1989 г. – Алма-Ата: Респ. Инф.-изд. центр. – Т.II. – 371с.
- Ia-centr.ru (2013). На юге Кыргызстана растет число интернациональных браков. Доступно по адресу: <https://ia-centr.ru/experts/iats-mgu/na-yuge-kyrgyzstana-rastet-chislo-internatsionalnykh-brakov/>. Дата обращения: 15.01.2023.
- Iwpr.net (2009). Узбекистан: Близкородственные браки по-прежнему распространены. Доступно по адресу: <https://iwpr.net/ru/global-voices/uzbekistan-blizkorodstvennye-braki-po-prezhnemu-rasprostraneny>. Дата обращения: 17.01.2023.
- Калыш А.Б. (1982). К вопросу об определении национальной принадлежности подростков в межнациональных семьях // ИАН КазССР. Серия обществ. наук. – №3. – С.81-84.
- Калыш А.Б. (2013). Семья и брак в современном Казахстане: Монография. – Алматы: Арыс. – 464 с.
- Казиев С.Ш., Могунова М.В., Могунов С.В. (2020). Межэтнические браки в среде городских русских и казахов Северного Казахстана // Вестник антропологии. № 3 (51) с. 136-152.
- Кисляков Н.А. (1969). Очерки по истории семьи и брака у народов Средней Азии и Казахстана. – Л.: Наука. – 240 с.
- Қалыш А.Б. (2015). Қазіргі Қазақстандағы этникалық және этномәдени процестер. Алматы «Қазақ университеті». – 254 б.
- Мархинин В.В., Удалова И.В. (1997). Межэтнические браки: состояние, динамика, проблемные ситуации. Новосибирск, – Из-во СО РАН. – С. 21-22.

- Морган Л.Г. (1934). Дома и домашняя жизнь американских туземцев. Л.: Ин-т народов Севера. – С. 250-256
- Население СССР. (1983). Справочник. – М.: Политиздат. – 228 с.
- Попов Н. (1998). Национальные проблемы в общественном мнении // Национальные проблемы в государственной политике Казахстана: по материалам казахстанской и российской прессы / Вып. 3. – М. – С.149-152.
- Stat.uz (2021). Государственный комитет Республики Узбекистан по статистике. Браки 2021. Доступно по адресу: <https://stat.uz/uz/>. Дата обращения: 12.01.2023.
- Stat.gov.kz (2020). 2020 жылғы некелер мен ажырасулар. Алынған жері: <https://www.stat.gov.kz/search>. Қаралған күні: 17.01.2023.
- Тегизбекова Ж.Ч. (2015). Регулирование брачно-семейных отношений кыргызов по обычному праву. Бишкек: Изд-во КРСУ. 206 с.
- Толстова Л.С. (1985). Национально-смешанные браки у сельского населения Каракалпакской АССР // СЭ. – №3. – С. 64-72.
- Төлеубаева К.М. Қазақтар және Орталық Азия халықтарының отбасы, отбасылық әдет-ғұрып, салт-саналары (салыстырмалы-этнографиялық зерттеу): т.ғ. докторы дәрежесін алуы үшін дайындалған дисс. авторефераты: 07.00.07. – Алматы. 24 б.;
- Шаукенова З.К. (2002). Социальное взаимодействие этносов в современном казахстанском обществе. – Астана: Парламент РК. – 128 с.
- Uznews.uz. (2022). Как живут межнациональные семьи в Узбекистане. Доступно по адресу: <https://uznews.uz/posts/56341>. Дата обращения: 12.01.2023.

References

- Abdýllaev Ý.S. (1989). Izýchenie odnonatsionalnyh i natsionalno-smeshannyh semei v selskoi mestnosti Andijanskoj oblasti Ýzb.SSR [The study of single-ethnic and national-mixed families in rural areas of the Andijan region of the Uzbek SSR] // Novoe v etnografii. – М. – Вып.1. – С. 85-90. (In Russian)
- Argýnbaev H.A. (1973). Qazaq halqyndaǵy semá men neke (tarihi-etnografialyq sholý) [Family and marriage in the Kazakh people (historical-ethnographic review)]. – Almaty: Gylym. – 328 b. (In Kazakh).
- Asiarussia.ru (2015). Trydnosti braka s rysskimi v Srednei Azii [Difficulties of marriage with Russians in Central Asia]. Dostýpno po adresý: <https://asiarussia.ru/articles/6377/>. Data obrasheniya: 10.01.2023. (In Russian).
- AÓJM (2023). Avtoridyń óziniń jınaǵan materialdary, Saýalnama [Author's field materials]. 2023. (In Kazakh)
- Baýdýarova Q.B. (2009). Ontústik Qazaqstandaǵy birultty jáne ultaralas nekelerdiń turaqlylyǵy men saqtaý máseleleri: Tarih ǵyl. kand. diss. ...avtoreferaty [Issues of stability and preservation of same-ethnic and inter-ethnic marriages in South Kazakhstan: History. sugar diss. ...author's abstract]. – Almaty. – 26 b. (In Kazakh).
- Beylur S. (2022). Covid-19 pandemisinin kazak toplumunda sosyal iliskilere etkisi (Türkistan örneǵi) [The effect of the Covid-19 pandemic on social relations in the Kazakh society (Turkistan example)] // AVRASYA Uluslararası Araştırmalar Dergisi Cilt : 10 Sayı : 30 Sayfa:193 – 223. (In Turkish).
- Borzyh N.P. (1984). Mejnatsionalnye braki v SSSR v seredine 1930-h godov [Interethnic marriages in the USSR in the mid-1930s] // SE. – №3. – S.101-112. (In Russian).
- Býrova S.N. (2010). Sociologia braka i semi: istoria, teoreticheskie osnovy, personalı [Sociology of marriage and family: history, theoretical foundations, personalities]/ S.N. Býrova; Belorýsski gosýdarstvennyı úniversitet. – Minsk: Pravo i ekonomika. – 444 s. (In Russian).
- Domohozáistva Respýblikı Kazahstan. (2011). Itogı Natsionalnoi perepısı naselenia Respýblikı Kazahstan 2009 goda. Statisticheski sbornik /Pod red. A. Smailova/ [Results of the National Population Census of the Republic of Kazakhstan in 2009. Statistical compendium]. Astana. – 396 s. (In Russian).
- Domohozáistva Respýblikı Kazahstan (2001). Itogi perepısı naselenia 1999 goda v Respýblike Kazahstan. Statisticheski spravochnik. – Ch.3. [Results of the 1999 population census in the Republic of Kazakhstan. Statistical handbook. – Part 3.]. – Almaty: Kazstatinform. – 292 s. (In Russian).
- Elorda.info (2022). Smeshannye braki ne predstavlyát ýgrozý natsionalnoi identichnosti – sosiolog. [Mixed marriages do not pose a threat to national identity – sociologist.]. Dostýpno po adresý: <https://elorda.info/raznoe/16727-1649830609/>. Data obrasheniya: 15.01.2023. (In Russian).
- Itogi Vsesoiýznoi perepısı naselenia (1992). Itogi Vsesoiýznoi perepısı naselenia 1989 g. [Results of the All-Union Population Census of 1989]. – Alma-Ata: Resp. Inf.-izd. sentr. – T.II. – 371s. (In Russian).
- Ia-centr.ru (2013). Na rýge Kyrgyzstana rastet chislo internatsionalnykh brakov [The number of international marriages is growing in the south of Kyrgyzstan]. Dostýpno po adresý: <https://ia-centr.ru/experts/iats-mgu/na-yuge-kyrgyzstana-rastet-chislo-internationalnykh-brakov/>. Data obrasheniya: 15.01.2023. (In Russian).
- Iwpr.net (2009). Ýzbekistan: Blizkorodstvennye braki po-prejnymý rasprostraneny [Uzbekistan: Closely related marriages still common]. Dostýpno po adresý: <https://iwpr.net/ru/global-voices/uzbekistan-blizkorodstvennye-braki-po-prezhnemu-rasprostraneny>. Data obrasheniya: 17.01.2023. (In Russian).
- Kalysh A.B. (1982). K voprosý ob opredelenii natsionalnoi prinaldzhnosti podrostkov v mejnatsionalnykh semáh [On the issue of determining the nationality of adolescents in interethnic families] // IAN KazSSR. Seria obshestv. naýk. – №3. – S.81-84. (In Russian).

- Kalysh A.B. (2013). *Semá ı brak v sovremennom Kazahstane: Monografia*. [Family and marriage in modern Kazakhstan: Monograph]. – Almaty: Arys. – 464 s. (In Russian).
- Kaziev SSH., Mogýnova M.V., Mogýnov S.V. (2020). *Mejtnicheskie braki v srede gorodskih rýsskih ı kazahov Severnogo Kazahstana* [Interethnic marriages among urban Russians and Kazakhs of Northern Kazakhstan]// *Vestnik antropologii*. № 3 (51) s. 136-152. (In Russian).
- Kislákov N.A. (1969). *Ocherki po istorii semı ı braka ý narodov Srednei Azii ı Kazahstana* [Essays on the history of family and marriage among the peoples of Central Asia and Kazakhstan]. – L.: Naýka. – 240 s. (In Russian).
- Kalysh A.B. (2015). *Qazirgi Qazaqstandaǵy etnikalyq jáne etnomádem prosester* [Ethnic and ethnocultural processes in modern Kazakhstan]. Almaty «Qazaq ýniversiteti». – 254 b. (In Kazakh).
- Marhinin V.V., Ýdalova I.V. (1997). *Mejtnicheskie braki: sostoianie, dinamika, problemnye sıtıyası* [Interethnic marriages: state, dynamics, problem situations]. Novosibirsk, – Iz-vo SO RAN. – S. 21-22. (In Russian).
- Morgan L.G. (1934). *Doma ı domashnáá jizn amerikanskih týzemsev* [Homes and domestic life of American natives]. L.: In-t narodov Severa. – S. 250-256. (In Russian).
- Naselenie SSSR. (1983). *Spravochnik* [The population of the USSR. Directory]. – M.: Politizdat. – 228 s. (In Russian).
- Popov N. (1998). *Nasionalnye problemy v obshestvennom mnenii // Nasionalnye problemy v gosýdarstvennoi 393 politike Kazahstana: po materialam kazahstanskoı ı rossuskoı presy / Vyp. 3.* [National problems in public opinion // National problems in the state policy of Kazakhstan 393: based on the materials of the Kazakh and Russian press / Vol. 3.]. – M. – S.149-152. (In Russian).
- Stat.uz (2021). *Gosýdarstvennyı komitet Respublíki Ýzbekistan po statistike. Braki 2021* [State Committee of the Republic of Uzbekistan on Statistics. Marriages 2021]. Dostýpno po adresý: [https://stat.uz/uz/file:///Downloads/12.%20Nikohlar%20soni-Jami%20\(1\).pdf](https://stat.uz/uz/file:///Downloads/12.%20Nikohlar%20soni-Jami%20(1).pdf). Data obrasheniá: 12.01.2023. (In Russian).
- Stat.gov.kz (2020). *2020 jylǵy nekeler men ajyrasýlar* [Marriages and divorces in 2020.]. Alynǵan jeri: <https://www.stat.gov.kz/search>. Qaralǵan kúni: 17.01.2023. (In Kazakh).
- Tegizbekova J.Ch. (2015). *Regýlirovanie brachno-semeynyh otnosheni kyrgyzov po obychnomy pravý* [Regulation of marriage and family relations of the Kyrgyz under customary law.]. Bishkek: Izd-vo KRSÝ. 206 s. (In Russian).
- Tolstova L.S. (1985). *Nasionalno-smeshannye braki ý selskogo naselenia Karakalpakskoı ASSR* [National mixed marriages among the rural population of the Karakalpak ASSR] // *SE*. – №3. – S. 64-72. (In Russian).
- Tóleybaeva K.M. *Qazaqtar jáne Ortalyq Azia halyqtarynyń otbasy, otbasylyq ádet-ǵuryp, salt-sanalary (salystyrmaly- etnografialyq zertteý): t.ǵ. doktory dárejesin alýy úshin daıyndalǵan diss. avtoreferaty: 07.00.07.* [Family, family customs and traditions of Kazakhs and peoples of Central Asia (comparative-ethnographic research): etc. Dissertation prepared for obtaining a Ph.D. abstract: 07.00.07.]. – Almaty. 24 b.; (In Kazakh).
- Shaýkenova Z.K. (2002). *Sosialnoe vzaimodeistvie etnosov v sovremennom kazahstanskom obshestve* [Social interaction of ethnic groups in modern Kazakhstani society]. – Astana: Parlament RK. – 128 s. (In Russian).
- Uznews.uz. (2022). *Kak jıvýt mejnasionalnye semı v Ýzbekistane.* [How do interethnic families live in Uzbekistan]. Dostýpno po adresý: <https://uznews.uz/posts/56341>. Data obrasheniá: 12.01.2023. (In Russian).